## "Министрліктер үйі" объектісін салу мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 106-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.31. N 442 қаулысымен.

Астана қаласының жаңа орталығында "Министрліктер үйі" объектісін салудың жобалық шешімдерін, техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржыландырудың негізділігін кешенді талдауды жүргізу және тиісті ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Омаров Қайсар Оспанұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы, жетекші

Райымбеков Сайлаухан Ғазизұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі

Нұрпейісов Болат Ғазизұлы - Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқарушысының орынбасары (келісім бойынша)

Фомичев Сергей Васильевич - Астана қаласы әкімінің орынбасары

Комаров Геннадий Григорьевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары

Сағындықов Мұқан Қанибекұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Стратегиялық жоспарлау және инвестициялық саясат департаментінің директоры

Естемісов Әлихан Дәуренбекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланысты қамтамасыз ету орталығы бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Мұқашев Ахат Ғаббасұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Департамент бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Шөпшекбаев Айдын Болатұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өңірлік даму бөлімінің бас инспекторы

Кокоев Виталий Владимирович - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті "Мемсараптама" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры

Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті электр энергетикасы басқармасының бастығы

Әбішев Нұрлан Сарқытқазыұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің бас маманы - бас бақылаушы-тексерушісі

Нам Олег Юрьевич - "KUAT" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Астана қаласының жаңа орталығында " Министрліктер үйі" объектісін салу жобасын одан әрі іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК